

Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру тұжырымдамасы



5 Дәріс

Андабаева Гульмира

E-mail:

andabayeva.gulmira@kaznu.kz

Телефон 8 (701) 320 37 24

Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру түсінігі мен тұжырымдамасы

01

Кәсіпорынның
қаржылық ортасы

02

Кәсіпкерлік қызметті
қалыптастыру мен
қаржыландыру
көздері

03


Қаржыны
жинақтаудың
замануи әдістері

1 сұрақ

Кәсіпорынның қаржылық ортасы

Кәсіпорынның қаржы ресурстары – шаруашылық субъектінің иелігіндегі қаражаттар жиынтығы.

Ол кәсіпорын табысын қалыптастыру, бөлу және пайдалану үрдісін көрсетеді, сондай-ақ, қаржылық міндеттемелерді орындауға және кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге арналған.



Кез-келген кәсіпорын экономикалық жүйенің элементі болып табылады және кәсіпкерлік қызмет бойынша серіктестермен, әртүрлі деңгейдегі бюджеттермен, капитал иелерімен және басқа да субъектілермен белгілі бір қарым-қатынастарға түседі.

Қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану үрдісінде кәсіпорында нарықтың басқа субъектілерімен қаржылық қатынастар пайда болады. Дәл осы қатынастар кәсіпорын қаржысының мәнін құрайды



Кәсіпорын қаржылары оның өндірістік- шаруашылық қызметі барысында пайда болады, сондай-ақ оның қаржылық ресурстарын қалыптастыру және бөлумен байланысты ақшалай қатынастарды сипаттайды.

Кәсіпорында қаржы бөлу, ұдайы өндіру және бақылау функцияларын орындайды.





Кәсіпорынның қаржылық
ортасы – кәсіпорынның
қаржылық қатынастар
субъектілерімен және
объектілерімен көпжақты
өзара іскерлік байланыстар
кешені.

Кәсіпорындағы барлық қаржылық қатынастардың топтастырылуы:


- 01** Кәсіпорынның басқа кәсіпорындармен қаржылық қатынастары

- 02** Кәсіпорын ішіндегі қаржылық қатынастар


- 03** Қаржы –несие жүйесімен қаржылық қатынастар

- 04** Басқа да нарықтық институттармен


Кәсіпорынның басқа кәсіпорындармен қаржылық қатынастары – материал, шикізат, отын, бөлшек заттар, дайын өнімді сатуға және сатып алуға байланысты пайда болады.




**Кәсіпорын ішіндегі
қаржылық қатынастар:
кәсіпорын
жұмыскерлерімен,
кәсіпорынның
бөлімшелерімен,
цехтарымен,
филиалдарымен қаржылық
қатынастар.**



Қаржы –несие жүйесімен
қаржылық қатынастар:
түрлі деңгейдегі
бюджетпен, коммерциялық
банктермен, бюджеттен тыс
қорлармен, жинақ
зейнетақы қорларымен
байланыс



**Басқа да нарықтық
институттармен қатынас:
сақтандыру ұйымдарымен,
биржалармен,
инвестициялық
қорлармен.**



2. Кәсіпкерліктің қаржы ресурстары және олардың қалыптасу көздері

Қаржылық ресурстар – кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерін орындау және кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету үшін арналған табыс және ішкі түсімдер түрінде болатын ақша қаражаттарының жиынтығы.





Кәсіпкерлік қызметтің дамуы мен тиімділігіне оны қаржыландыру шамасы тікелей әсер етеді. Яғни, қажетті көлемде қаржы ресурстары болуы тиіс. Қаржы – тауар-ақша қатынастарымен байланысты қалыптасқан категориялардың бірі.

Қаржы ресурстарын алу көздеріне байланысты 3 топқа бөлуге болады:

Меншікті қаражаттар есебінен құрылатын қаржы ресурстары

жалпы пайда, таза пайда, азаматтардан түсетін мақсатты түсімдер, бюджеттен бөлінетін қаражаттар және басқа да түсімдер

Қаржы нарығында жұмылдырылған қарыздық қаражаттар

банктер мен басқа да қаржылық институттардың несие ресурстары, бюджеттік, коммерциялық несиелер

Тартылған қаржылық қаражаттар

кәсіпорындағы бағалы қағаздарды сатудан түсетін табыстар, ағымдағы және инвестициялық қызметке үлестік қатысудан түскен қаражаттар, бюджеттік субсидиялар, кредиторлық берешектер және басқа да ресурстар

Кәсіпорынды қаржыландыру көздерін таңдау кезінде төмендегідей негізгі міндетті шешу қажет:

Қысқа және ұзақ
мерзімді капиталға
деген қажеттілікті
анықтау керек

Шаруашылық
қызметті
қаржыландыруға
деген шығындарды
төмендеу керек

Ұтымды
құрылымды
анықтау
мақсатында
қаражаттардың
активтері мен
пассивтерінің
құрамын
анықтау керек;

•Кәсіпорынның
меншікті және
қарыз
қаражаттарын
максималды
пайда
әкелетіндей етіп
пайдалану керек;

Кәсіпорынның қаржы ресурстары

Қаржыландырудың ішкі көздері (жеке меншік)

Жарғылық капитал;

Амортизациялық төлемдер;

Бөлінбеген пайда;

Акциялар мен облигацияларды шығару және сатып алу;

Меншігін сату немесе жалға беру.

Қаржыландырудың сыртқы көздері (қарызға алынған)

Банктік несиелер;

Коммерциялық (сауда) несиелері немесе кредиторлық борыш (кәсіпорынның басқаларға қарызы);

Жинақтары;

Сақтандыру төлемдері;

Бюджеттен берілетін субсидиялар



Қаржы ресурстарының пайда болу көздері ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі көздер өз қаражаты арқылы пайда болатын және оларға теңестірілген қаражат болып табылады. Сыртқы көздер қаржы нарықтарында шоғырланған қаражаттар мен қайта бөлу бойынша түскен қаражаттар.

3 Қаржыны жинақтаудың замануи әдістері

- 01 Жеке жинақ

- 02 Краудфандинг

- 03 Гранттар мен субсидиялар

- 04 Краудсорсинг

- 05 Бизнес-періштелер және т.б.

Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері

01



Жеке жинақ

02



3F (Family, Friends,
Fools)

03



Краудфандинг

04



Бизнес-періштелер

05



Несие (кепіл мүлкі болған
кезде қолданылады)

06



Лизинг (жабдық талап
етілетін компаниялар үшін)

07



Мемлекеттік
қолдау

08



Венчур қорлары

3F – Friends, Family, Fools артықшылықтары мен кемшіліктері

FFF инвесторлары адал.

FFF инвестицияларын оңай және жылдам алуға болады.

Бизнесті тікелей бақылауға мүмкіндік береді.

Артықшылықтары

3F – Friends, Family, Fools отбасы, достар және «ақымақтар»

Кемшіліктері

Fools-тің инвестициялар тәуекелдерін түсінбеуі.

Жақын адамдарыңызбен қарым-қатынастың бұзылу қаупі бар.

Мұндай қаржыларды «толыққанды» деп қабылдамауы.

Fools инвестицияланған қаржыны несие ретінде қабылдауы.

Краудфандинг — басқа адамдардың немесе ұйымның жобасын қолдау үшін өз еріктерімен жиналып, интернет арқылы қаржы жинап беретін немесе басқа да көмек көрсететін адамдар ұжымдастығы. Табиғи апаттан зардап шеккендерден бастап саяси кампанияларға дейін қаржы жинала береді. Мысалы, сіздің таңғаларлықтай жобаңыз бар, бірақ іске асыру үшін ақша қажет. Сіз интернетке жоба туралы презентация жариялап, сізге қажетті сома көлемін жазасыз. Ұнатқан адамдар қолдау білдіріп, сізге керек ақшаны жинап береді.



Краудфандинг түсінігі

GoFundMe

Indiegogo

Substack

BariBirge.kz

Start-time.kz

Kickstarter

Patreon



Краудфандинг түрлері



жаңа өнімді
немесе қызметті
құруға ұмтылатын
стартап-компания



кез-келген
төтенше жағдай
ларға тап
болған адамдар

Краудфандинг артықшылықтары мен кемшіліктері

Басқа жолмен қол жеткізе алмайтын қосымша көздерден қаржыландыру.

Ережелерді сақтау және краудфандинг платформасының төлемдерін төлеу қажет.

Әлеуетті тұтынушылармен өзара әрекеттесудің тамаша тәсілі.

Сіздің стартап-компанияңыздың беделіне нұқсан келуі мүмкін.

Сіздің өніміңіз туралы қоғамдық пікірді бағалау мүмкіндігі.


егер сіз қаржыландыру мақсатыңызға жете алмасаңыз, кез-келген уәде етілген қаражат Сіздің инвесторларыңызға қайтарылады.

Бизнес-періштелер.

Стартаптың бастапқы (идея барсында) кезеңінде бизнеске инвестиция (ақша) салушыларды бизнес-періштелер деп атаймыз. Олардың ерекшеліктері бизнесті жүргізуге араласпайды және ақшаның тез арада қайтарылуын талап етпейді. Бизнес-періштелердің мақсаты – болашақта стартап бизнестен мол әрі қомақты пайда табу.



Бизнес-періштелер артықшылықтары мен кемшіліктері





Основатели UMAC Angels Club



Мурат Абдрахманов



Бахт Ниязов



Талгат Исмаил



Адиль Нургожин



Ануар Сейфуллин



Ельжан Кушекбаев



Олжас Жиенкулов



Мират Ахметсадыков



Алим Хамитов

Субсидия

бұл мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көрсетіліп отырған үлкен қолдау. Мәселен, сіз жылына 14 пайыздық ставкамен несие алдыңыз. Оның жеті пайызын өзіңіз төлейсіз де, қалған жартысын мемлекет тегін өтеп береді.

«Бизнестің жол картасы-2022»

бағдарламасының бірінші бағыты аясындағы
субсидияның сипаттамасы




Краудсорсинг

Краудсорсинг (ағылшынша crowdsourcing, crowd — «адамдартобы» жәнe sourcing — «ресурстарды пайдалану») — белгілі бір мәселені шешу үшін адамдар тобының шығармашылық қабілетін, білімін, тәжірбиесін ерікті түрде пайдалану.




Бизнеске арналған несие алу үшін қажетті құжаттар



Несие алудың артықшылықтары мен кемшіліктері

01


Рәсімдеу жеңіл.



Кепілдікке беретін мүлік.

02


Несиелендіруге онлайн түрде берген ыңғайлы.



Несие ставкасы.

03


Несиелендіру мерзімінің ұзақтығы.



Несие алушыға қойылатын талаптар қатаң.

04

% - дың төмендетілуі.




Жақында бастау алған бизнес.

Несиенің берілмеу себептері



Лизинг үдерісіне қатысушылар арасындағы байланыс



Несиелік қаржыландырумен салыстырғанда лизингтің артықшылықтары

Лизинг сыртқы ұзақ мерзімді қаржыландыру есебінен қажетті өндіріс құралдарын сатып алуға мүмкіндік береді.



Лизингтік мәмілені жасау кезіндегі кепіл лизинг берушінің лизингке алынған мүлкі болып табылады.



Жалдау мерзімінің соңында барлық лизингтік төлемдерді төлеген жағдайда лизинг алушы жалға алынған мүлікке меншік құқығын алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстандағы лизинг қызметімен айналысатын бірнеше компаниялар



«Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы

Бағыттары

01 Кіші ауылдар мен қалаларда бизнесті қолдау

02 Экономика салаларында жұмыс жасайтын кәсіпкерлерді қолдау

04 Кәсіпкерлердің валюталық қауіптерін төмендету

03 Қаржылық емес қолдау

Операторлары

01 Атамекен

02 «Даму қоры»

03 ҚазАгро

04 QazIndustry


Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалар



«Еңбек» бағдарламасы



Субсидия беру




Даму-микро



«Жаңартылған энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту»



Алматы қаласына арналған ALMATY BUSINESS



Басымдығы жоғары жобаларды несиелендіру



Портфельдік сибсидия беру



Даму-өндіріс



Даму-лизинг

Венчурлық қорлар

Венчурлық қорлар (тәуекелге баратын қорлар) яғни пайда табу мақсатында жаңа бизнеспен инновациялық кәсіпорындарды тәуекелге бас тігіп қаржыландыратын қорлар. Венчурлық қор жеке салымшылар, зейнет ақы қорлары, сақтандыру қорларының ақшасынан құрылады. Негізінен венчурлық қорға ақша салу өте қауіпті.



Инновациялық қызметті венчурлық қаржыландырудың ерекшеліктері

инвестицияланған капиталды қайтаруға кепілдіктердің жоқтығы, қаражатты инвестициялаудың жоғары тәуекелдері

инновациялық компаниялардың акцияларын тікелей сатып алу

инновациялық ұйымға венчурлық компанияның өкілін енгізуге болады

венчурлық инвестор пайданы бөлуге және сыйақы алуға мүдделі емес.

01

02

03

04

Венчурлық жобаны инвестициялаудың артықшылықтары мен кемшіліктері



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Қаржыландыру көздері: жеке капитал, несиеге алынған капитал, тартылған капитал
2. Несие – кәсіпорынды қаржыландыру көзі ретінде, несие түрлері мен сипаттамалары
3. Қаржылық есеп: бухгалтерлік баланс және оның құрылымы
4. Кәсіпорынның есеп құжаттарының негізінде қаржылық-шаруашылық қызметін талдау.
5. Инновациялық кәсіпкерлік мәні мен оның негіздері
6. Кәсіпкерліктегі инновациялық қызметтің жалпы сипаттамасы мен инфрақұрылымы
7. Инновациялық жобаларды талдау қажеттілігі
8. Жобалардың әлеуметтік салдарын өлшеу және бағалау
9. Лизинг қаржыландыру көздері ретіндегі мәні мен сипаты
10. Факторинг сипаттамасы
11. Өндірістік кәсіпкерлікті ұйымдастыру үшін қандай өндіріс факторлары қажет?
12. Өз қаржыларын құнды қағаздарға салатын кәсіпорын қандай ережелерге негізделуі керек?
13. Құнды қағаздар нарығында кәсіпқой қызметтің қандай түрлері бар?
14. Субсидия және субвенция дегеніміз не?
15. Венчурлік бизнес, оның қалыптасу негіздері қандай?

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**

САУ БОЛЫҢЫЗДАР